ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2023 жылғы 18 қыркүйек № 7119-23-00-2/9920 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:

Төрағалық етуші судья А.С.Искалиева,

Оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

Астана қаласы әкімдігінің «№ 75 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:

«Green Chemistry» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Бибінұр Жұмаділлақызы Әкімбекова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:

1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

2.Тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4 бабын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «№ 75 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер «Green Chemistry» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Бибінұр Жұмаділлақызы Әкімбекованы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Green Chemistry» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Бибінұр Жұмаділлақызы Әкімбекова мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 18.09.2023
Заңды күшіне енген күні: 26.10.2023, судья Искалиева А. С., 26.10.2023
7119-23-3-1/9652

Жауапкер «Green Chemistry» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Бибінұр Жұмаділлақызы Әкімбековадан талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «№ 75 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 17 014 (он жеті мың он төрт) теңге тұрақсыздық айыбы және 510 (бес жүз он) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «Green Chemistry» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Бибінұр Жұмаділлақызы Әкімбековадан мемлекет пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот үйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **А.С.Искалиева**

Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 18.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 26.10.2023, судья Искалиева А. С., 26.10.2023

7119-23-3-1/9652